«6D020300 –Тарих» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Конырова Айжан Мауленовнаның «XIX ғасырдың екінші жартысы-XX ғасырдың бірінші жартысындағы ресейлік және кеңестік биліктің қазақ қоғамын орыстандыру саясаты: тарихи- салыстырмалы талдау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Конырова Айжан Мауленовнаның «6D020300 –Тарих» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «XIX ғасырдың екінші жартысы - XX ғасырдың бірінші жартысындағы ресейлік және кеңестік биліктің қазақ қоғамын орыстандыру саясаты: тарихи-салыстырмалы талдау» деп аталатын диссертациялық жұмыс мемлекет бағдарламаның аясында орындалған, Қазақстан Республикасының 2023-2029 жылдарға арналған мәдени саясат тұжырымдамасын бекіту туралы ҚР Үкіметінің (2023 жылғы 28 наурыздағы №250 қаулысы) мақсаты мен міндеттеріне; Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы ҚР Үкіметінің (203 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысының) мақсаттарына толықтай сәйкес келеді.
		1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);	Айжан Конырованың диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссиясы бекіткен ғылым дамуының төмендегідей басым бағыттарына сәйкес орындалған: білім және ғылым саласындағы зерттеулер; әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер

Сканировано с CamScanner

		3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертация жұмысы XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың I жартысындағы патшалық Ресей мен кеңестік биліктің қазақ қоғамын орыстандыру саясатын негіздеу және мәселеге тарихи-салыстырмалы талдау мәселесіне орай орындалған. Негізінен патшалық Ресей, кейінгі Кеңестік биліктің отарлау, қоныстандыру, орыстандыру саясатына қатысты біршама зерттеу еңбектері бар. Алайда патшалық Ресей мен Кеңестік биліктің басқару жүйесі және олардың рухани мақсаттағы орыстандыру саясатына қатысты мәселелерді салыстырмалы талдау тарихнамада өз деңгейінде толық қамтылмағандығы рас. Патшалық Ресейдің қоныстандыру саясатымен бірге рухани жаулаушылық әрекеті, кейінгі Кеңес билігінің әкімшіл-әміршіл жүйеге негізделген орыстандыру саясатын салыстырмалы түрде бағамдап талдау өзінің өзектілігімен ерекшеленеді. Осы тұрғыдан алғанда орындалып отырған диссертация жұмысы тарих ғылымына қажетті, маңызды тақырыптар санатына жатады. Диссертация жұмысы тақырыбына сай мазмұыs құрастырылған, тілі жатық, реттілікпен баяндалып, ғылыми тұжырымдамалары дәлелденіп, маңызды мәселелер тобы ашылған. Қолданбалық нәтижелері өзекті. Ғылыми жұмыстың нәтижелері мен тұжырымдары, қорытындылары бұрын соңды жарияланбаған. 2.1. Қосады, ашылған
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Ұсынып отырған диссертацияны Конырова Айжан Мауленовна толыққанды орындаған, жазылу деңгейі жоғары. Ғылыми жұмыста тақырыпқа қатысты ғылыми түсініктер мен ұғымдарға талдау жасалына отырып, деректермен дәлелдер келтірілген. Әр тарау соңында өзіндік тұжырым жасалып, қорытынды білімінде барлық тарау бойынша дәлелді қорытынды берілген.

Сканировано с CamScanner

			3.1. Жазу деңгейі жоғары
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:	Диссертация жұмысының өзектілігі ғылыми тұрғыда негізделе отырып, оны жұмыс барысында толық айқындауға тырысқан. Жұмыстың алғашқы тарауында соған орай теориясы мен методологиясы негізделеді. Патшалық Ресей империясының шаруашылық, рухан-мәдени отарлауының түпкі мақсаты негізіндегі орыстандыру саясатының біртіндеп жүзеге асырылуы дәлелдене отырып, бұдан кейінгі кеңестік жүйенің осы саясатты жалғастыруы, яғни халықтың рухани-мәдени құндылықтарын шектей отырып, интернационализм ұранымен ұштастыру, соның негізінде руссоцентризм ұғымын біртіндеп енгізу жүргізілді. Бұл тұстағы басты ұстаным, бүкіл өмірде болып жатқан жетістіктер мен ғылыми табыстар тек орыс халқының басымдылығымен орныққандығын баяндап, ал Ұлы Дала төсін мекен еткен қазақ қоғамы «артта қалушылар», «жабайы өмірден қол үзбеушілер», «жабайылар» немесе «мәдениеттен жұрдай» халық ретінде бейнеленіп, оның көшпелі өмір салтындағы ерекше өркениет ошақтары мен жетістіктері елеусіз көлеңкеде қалды. Осы тұрғыдан алғанда диссертациялық жұмыс екі басқарушы билік тұсындағы орыстандыру саясаты мен оның түпкі мақсатын ашу мен жаңаша баға беруде өзінің өзектілігін негіздеп отыр. 4.1.1 Жұмыстың өзектілігі негізделген
		1) негізделген;	
		2) ішінара негізделген;	
		3) негізделмеген.	
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:	Зерттеу жұмысының мазмұны диссертация тақырыбын толық негіздеп береді. Жалпы диссертациялық жұмыс: белгілеулер мен қысқартулардан, кіріспеден, 1 тарауы 3 тараушадан, 2,3,4, тараулары 2 тараушадан, қорытындыдан және пайдаланған әдебиеттер мен деректерден тұрады. Диссертацияның құрылымы, мәтіннің мазмұны, зерттеуде қолданылған әдістер мен тәсілдер нақты болып табылады. Диссертацияның орындалған тараушылары өзара логикалық тұрғыдан бір-бірімен сабақтасып, толықтырылып жинақтала отырып жазылған. Қорытындылар тұжырымға сай негізделіп, дәлелденген. 4.2.1 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын толық айқындайды.
		1) айқындайды;	
		2) ішінара айқындайды;	
		3) айқындамайды.	
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:	Жұмыста берілген зерттеу мақсаты мен оның міндеттері диссертация тақырыбын толық қамтыған, сәйкес болып келеді. Барлық зерттеу міндеттері оның мақсатының жүзеге асырылуын толық негіздеп,

Сканировано с CamScanner

		1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	мазмұндайды. Диссертацияда қойылған мақсат пен міндеттер тікелей бір-бірімен байланысып отыр. Себебі әрбір қойылған міндет диссертациялық зерттеудің негізгі аспектілерін ашуға бағытталған. А.М. Конырова диссертациялық жұмысты орындау барысында қажетті материалдарға талдау жасаған. Тарихнамалық еңбектерге шолу жасай отырып, орыстандыру саясатына тарихи салыстырмалы түрде талдау жасаған және қажет тұстарында дереккөздермен толықтырған. Диссертация мазмұны қойылған мақсаты мен міндеттеріне сай өзара мазмұндық үйлесім тапқан. 4.3.1 Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына толық сәйкес келеді
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық тұрғыдан өзара байланысқан. Диссертацияның тараулары мен оның тараушалары өзара логикалық тұрғыдан байланыып, жұмыстың ішкі мазмұндық құрылымын біріктіре алады. А.М. Қонырованың ұсынған қағидаттары, әдістері өзара логикалық тұрғыдан байланыса отырып, дәлелденген. Бұған дейінгі әдістемелік тәсілдермен салыстырыла отырып бағаланған, автордың өзіндік сыни талдауы жасалған. Бұл мәселелер диссертацияның мазмұнын ашуда маңызды болып табылады. 4.1.1 Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері толық байланысқан
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Диссертациялық жұмысты жазу кезінде маңызды дереккөздерге барынша талдау жасала отырып, дереккөздер бойынша сілтеменің және сәйкесінше белгілі бір тұжырымдардың жасалуы ұсынылған ақпараттың дәйектілігін дәлелдеп береді. Зерттеу жұмысында тақырыптың өзектілігін ашуда қолданылған әдістер бір-бірімен байланысқан және өзара үйлесім тапқан. Диссертация жұмысының нәтижелері мен қорытындылары маңызды зерттеу жұмыстары мен дереккөздерге сүйене отырып, жүйелі талдауға және сол арқылы ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерін пайдалануға, деректерді өңдеуге негізделген. Теориялық тұрғыдан жұмыстың алынған қорытындылары жасалып, өзара байланыстағы заңдылықтар зерттеулермен дәлелденген және сараланған. Маңызды мәліметтер мен тұжырымдар нақты берілген және негізгі ғылыми әдебиеттерге сілтемелер беру арқылы расталған. Жұмыста қолданыс тапқан ғылыми әдебиеттер әдеби шолу жасауға толығымен жеткілікті болып табылады.

Сканировано с CamScanner

			4.5.1 Сыни талдау бар
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	Зерттеу жұмысын жүргізу барысында алынған ғылыми нәтижелер сәйкесінше жасалған қағидалардың барлығы жаңажәне ішінара жаңа болып табылады. - Зерттеу жұмысында алынған бірінші ғылыми нәтиже жаңа. Себебі бұған дейін жасалған ғылыми тұжырымдарда ортарлау, қоныстандыру, рухани отарлау сынды мәселелер зерттелгені рас. Десек те кез-келген отарлаушы империя өзінің өткен тарихына қатысты, әсіресе саяси астары жағымсыз болып келетін оқиғалар легін келер ұрпаққа жинақы да, жағымды етіп көрсетуше тырысады. Осы тұрғыда Ресей отаршылдығы да «жаңа империялық тарих» жағдайында жазылып, оның отарлау аймақтары мен орыстандыру әрекеті тікелей сол халықтардың өз талап тілектері негізінде жүзеге асырылғаны негізделіп жүр. Осы мәселе жұмыстың алғашқы алынған нәтижесінде нақты беріліп, талданады және теориялық тұрғыдан дәлелденген. - екінші нәтиже жаңа. Себебі бұғанға дейінгі теориялық және методологиялық әдістерге сүйене отырып, тақырып мазмұнындағы орыстандыру саясатының негізгі мазмұнын ашатын «Отарлау», «отар-метрополия», «орыстандыру», «аккультурация» ұғымдарына қатысты анықтамалар толығымен нақтыланып, диссертант тарапынан толыққанды тұжырымдамалар жасалған. Соған орай жұмыста орыстандыру саясатының Патшалық Ресей мен кейінгі Кеңестік кезеңдегі қазақ қоғамына тигізген кері салдары тарихи-салыстырмалы түрде жүйеленген. Ғылыми зерттеулерге барынша талдау жасаған. - Зерттеу жұмысының соңғы нәтижесі ішінара жаңа. Себебі патшалық Ресей империясының билігі мен кейінгі Кеңестік билік барлық құрамындағы халықтардың жаппай рухани құндылықтарын орыстық шовинизмге кіріктіруге күш салды. Бұл қазақ еліндегі сакральды құндылықтар мен ұлттың болмысын негіздейтін дәстүрлі дүниетанымы мен салт-санасына да тікелей әсер еткені белгілі. Осы мәселе жұмысты жазу барысында деректік және зерттеу жұмыстарына негізделе отырып, дәлелденіп, тұжырымдалған. Барлығы толықтай ғылыми нәтиже болып табылады.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

Сканировано с CamScanner

			5.1.1 Толығымен жаңа
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	Алынған қорытындылардың негізділігі нақты болып келеді. Жұмыстың қорытындылары ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерге негізделіп жасалған. Диссертациялық жұмыстың қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Зерттеу жұмысының нәтижелері мен қағидаттары зерттеудің мазмұнының сәйкестігімен, зерттеуде қолданылған әдіс-тәсілдердің тиімді болуымен және олар зерттеу жұмысының жүйелі жоспарлануымен сипатталады. 5.2.1 Толығымен жаңа
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	Зерттеу жұмысы әлеуметтік ғылымдар шеңберінде орындалуына байланысты техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері қарастырылмаған. Сол себепті бұл бағалау өлшемі қисынсыз.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертациялық жұмыста көрсетілген барлық қорытындылары ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерге негізделген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:	Диссертациялық зерттеу жұмысындағы барлық берілген, қорытындылар ғылыми тұрғыдан негізделген, ауқымды мәселелерді қамтып, дәлелденген. Докторант жұмысты жазу барысында берген негізгі тұжырымдарын нақты дәлелдегуге тырысқан және жасаған қорытындылары жаңашылдығымен
		7.1 Ереже дәлелденді ме?	

Сканировано с CamScanner

		1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ	айқындалады. 1. **Ережелерге сәйкес бірінші алынған тұжырым:** Зерттеу жұмысын жазу барысында ең алдымен оның теориялық және методологиялық негіздерін қарастыра отырып, өзіне дейінгі жазылған ғылыми зерттеулерге толыққанды тарихнамалық шолу жүргізіліп, өз тарапынан салыстырмалы талдау жасауға қол жеткізген. Сонымен бірге орыстандыру мәселесін ашуда соңғы жылдары қалыптасқан теримндер мен түсініктерге теориялық тұрғыдан анықтама беріліп, салыстырмалы талданып, өзіндік тұжырым жасалған. Тақырыптың толық мазмұны нақтыланып, негізделген. 7.1 Дәлелденді 7.2 Тривиалды емес 7.3 Қағидаттар жаңа 7.4.Қолдану деңгейі кең 7.5 Иә **Екінші тұжырым:** Диссертациялық жұмыста патшалық Ресей мен кейінгі Кеңестік билік тұсындағы орыстандыру ісіндегі өзара айырмашылықтар мен ұқсастықтар ғылыми тұрғыдан талданған. Әсіресе патшалық кезеңдегі қоныстандыру саясаты мен кейінгі кеңестік кезеңдегі халықтың демографиялық ахуалына қатысты жасалған іс-шараларға билік тарапынан мән берудің астарлы тұстары, оның ішінде орыстандыру мақсатындағы жасалған шаралардың өзара байланыстары тұжырымдалған. Яғни өлкедегі демографиялық ахуалды өзгертудің түп мақсаты айқындалып, екі биліктің де рухани тұрғыдан, яғни орыстандыру мақсатындағы іс-шаралары нақты деректермен көрсетілген. 7.1 Дәлелденді 7.2 Тривиалды емес 7.3 Қағидаттар жаңа 7.4.Қолдану деңгейі кең 7.5 Иә **Үшінші тұжырым.** Жасалған тұжырым жаңа болып табылады. Патшалық Ресей тұсындағы отарлау, оның ішіндегі орыстандыру саясатының барысы

Сканировано с CamScanner

		3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	сол тұстағы қазақ зиялыларының еңбектері арқылы айқындалумен бірге, зиялылардың орыс тілін үйренудің прогресшіл бағытын көрсетудегі пікірлерін диссертант ғылыми негізде дұрыс саралай алған. Сонымен бірге кейінгі кеңестік билікте большевиктер тарапынан жүргізілген шаралар талдана отырып, ұлт зиялыларының жаңа биілкке кіріге отырып, қазақ болашағы үшін күресуге тырысқанымен, орыстандыру ісінде олардың саясаттан шеттетілуі салыстырмалы түрде негізделінген. 7.1 Дәлелденді 7.2 Тривиалды емес 7.3 Қағидаттар жаңа 7.4.Қолдану деңгейі кең 7.5 Иә **Төртінші тұжырым** қолданыс аясын негіздейді. Зерттеу нәтижелерін XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың I жартысындағы патшалық Ресей мен кеңестік биліктің орыстандыру саясатына қатысты теориялық-методологиялық еңбек ретінде ғылыми зерттеулерге, әр түрлі санаттағы тұжырымдар жасауға пайдалануға болады. Зерттеу жұмысы бойынша жинақталған материалдар дәлелді, өзара байланыса отырып тұжырымдалған. Жас зерттеушілер мен қазақ тарихына, оның ішінде орыстандыру, отарлау, қоныстандыру сияқты мәселелерді қарастырып жүрген зерттеушілер жұмыстың қорытындыларымен таныса алады. Тарихшылармен қатар жұмысты саясаттанушы, әлеуметтанушы студенттер мен жас ғалымдар қолданбалық, өзіндік жұмыстарында қосалқы материал ретінде және арнайы курстарды оқытуда да пайдалануына ғылыми қажеттілік бар. 7.1 Дәлелденді 7.2 Тривиалды емес 7.3 Қағидаттар жаңа 7.4.Қолдану деңгейі кең 7.5 Иә **Бесінші тұжырым** Диссертация жұмысының мазмұны толығымен қамтыла отырып, апробация жасалған. Соған орай зерттеу тақырыбы бойынша негізгі тұжырымдар мен қорытындылар іріктеліп алынып, 8

Сканировано с CamScanner

			ғылыми мақала жарық көрген. Соның ішінде 6 мақала ҚР БҒМ БҒСБК журналдарында, 2 отандық халықаралық ғылыми конференциялар жинақтарында жарияланған. 7.1 Дәлелденді 7.2 Тривиалды емес 7.3 Қағидаттар жаңа 7.4.Қолдану деңгейі кең 7.5 Иә
8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Диссертацияның методологиялық негізіне қоғамдық құбылыстардың дамуы мен өзгеруін нақты талап ететін сыни және тарихылық қағида негізге алынған. Зерттеу барысында ғылыми ізденістің жалпы даму-танымдық әдістерімен бірге тарих ғылымында объективтілік, жүйелілік, талдау, салыстырмалы тарихи-талдау, тарихи оқиғалардың дамуын хронологиясымен байланыстыру сияқты тәсілдер қамтылған. Диссертация жұмысында тарихи-салыстыру қағидасы негізге алына отырып, тақырыптың мазмұын ашуда патшалық Ресей мен кейінгі кеңестік билік тұсындағы орыстандыру шаралары объективті және субъективті факторлармен салыстырылған. Сонымен қатар диссертацияны негіздеуде әлемдік ғылымның даму кеңістігінде танылған постколониялық теорияға (postcolonial theory) баса назар аударылған. Соған сай диссертация жұмысының мазмұнын ашуда бұл теорияның өзара ықпалдасу, болашаққа дұрыс бағдар беру процесі басты назарға алынған. 1. Ия
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	1) ия;	
		2) жоқ.	
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Зерттеу тақырыбы арнайы түрдегі бағдарламалық компьютерлік технологияларды пайдалануды қажет етпейді. Диссертациялық зерттеудің өзінде компьютерлік технологиялар арқылы деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістері пайдаланылмаған. 2. Жоқ
		1) ия;	

Сканировано с CamScanner

		2) жоқ.	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Жұмысқа қолданылатын ғылыми материалдарды өз қажеттілігіне сай іріктеп алу теориялық білімі мен нақты методологиялық ұстанымды қажет етеді. Ол зерттеушіден дректерді дұрыс жіктеу мен орын алған тарихи фактілерді жүйелеуге, кәсіби біліктілігін көрсетуге негіз қалайды. Бүгінгі таңдағы әдістеме тарихи факті және тарих жағдай көрінісі жеке адамдар мен қауымдастықтардың немесе билік органдары құрылымының бірлескен әлеуметтік әркетін іске асыру ретінде қарастырылады. Әдістердің мазмұны тұрғысынан қандай болса да логикалық немесе нақты, жеке құрамның басымдықтарына қарамастан олар әрдайым кешенді, біртұтастық сипатқа ие және жалпылама ортақ бағытталуымен ерекшеленеді. Көпшілік жағдайда олар мазмұнның өзара ішкі ұйысуы, ғылыми жетістіктердің жиынтығын зерттеуді жүйелеу аса қажет болып саналады. Бұл теориялық білімнің нақты негізі бар жаңа мәліметтермен шығармашылық синтезі негізінде зерттелген жағдайда ғана мүмкін. Соған сай диссертация жұмысында алынған тұжырымдар зерттеушіден тарихи процестердің аса ауқымды екендігімен бірге, оны толығымен меңгеріп, өзіндік тұжырым жасауды талап етеді. Заманауи тарихнамадағы ең маңызды методологияның міндеттерінің санатында: тарихи ойдың дамуындағы сабақтастықтың өзара анықталуы, негізгі тариханамлық фактілерді іріктеп ала отырылып, оларға өзіндік сынды қалыптастыру, зерттеу жұмыстарына тарихнамалық талдау мен дереккөзі арақатынасын жақындату сынды қағидалары тән. Жұмыста осы мәселелер ескерілген, тақырыпқа қатысты тарих ғылымының дамуындағы тарихшылар мен олардың еңбектерінің маңыздылығы, алатын орны, объективтілік бағамы негізге алынған және оны нақтылауға әрекет жасалған. 1. Иә
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Архивтік деректер мен мерзімді басылымдар материалдарын талдау барысында мемлекеттік мекемелердің маңыздылығы нақтыланған. Диссертация жұмысында саяси, мәдени және рухани шаралар турасында хабар беретін мерзімді басылымдар «Дала уалаяты», «Түркістан уалаяты», «Ақжол», «Айқап», «Қазақ» сынды басылым беттерінде жарық көрген материалдар талданып, олардың ішіндегі қазақ қоғамын орыстандыруға

Сканировано с CamScanner

			қатысты тұстары негізделген. Жұмыста қолданыс тапқан әдебиеттердің қамту аясы ауқымды кең және олар тақырып мазмұнын ашуға толық мүмкіндік береді. Пайдаланылған әдебиеттер мен сілтемелер тобы талаптарға сай рәсімделген.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	Диссертацияны жазу барысында тақырып мазмұнына сай келетін ғылыми әзерттеулер пайдаланылған. Отандық архив қорлары, мерзімді басылым материалдары, ғылыми мақалалар мен зерттеу жұмыстары, кітапханалар қорларындағы сирек қолжазбалар қоры материалдары қолданысқа түскен.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) бар; 2) жоқ.	Диссертацияның теориялық маңызы жоғары болып табылады. Зерттеу әдістемесінде объективтілік, шынайылық, жүйелілік қағидалары басты назарға алынып, негізделген. Диссертацияның методикалық негізінде қоғамдық құбылыстардың дамуы мен өзгеруін нақты зерттеуді талап ететін сыни және тарихи-салыстырмалы талдау басты орын алған. Соған сай зерттеу жұмысында ғылыми ізденістің жалпы дамуы мен танымдық әдістерімен пайдаланылып, тарих ғылымына тән объективтілік, жүйелілік, талдау, салыстырмалы-тарихи талдау тәсілдері қолданылған. Диссертация жұмысында соңғы жылдардағы тарих ғылымында орын алған жаңа әдістер мен ғылыми ұстанымдар басшылыққа алына отырып, тұжырымдалған. 9.1.1 Бар
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ.	Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Зерттеу нәтижелерін XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың I жартысындағы патшалық Ресей мен кеңестік биліктің қазақ қоғамын орыстандыру саясатына қатысты мәселесіне қатысты теориялық-методологиялық еңбек ретінде ғылыми зерттеулерде пайдалануға болады. 9.2.1 Иә
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-	Диссертацияның практикалық маңыздылығы бар және алынған нәтижелерін әр түрлі тәжірибелерде қолдану мүмкіндігі жоғары. Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады. 9.3.1 Иә

Сканировано с CamScanner

		дан кем).	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Айжан Конырованың диссертациялық зерттеуінің жазу және рәсімдеу сапасы жоғары және талаптар мен ережелерге толық сәйкес келеді. 10.1 Жоғары
11.	Диссертацияға ескертулер		Диссертация жұмысының тақырыбы өте ауқымды және өте күрделі. Айжан Қонырова зерттеу жұмысын өз деңгейінде орындап, толыққанды аяқтаған. Десек те, жұмысқа қатысты бірнеше ұсыныстар беру қажет деп санаймын: Диссертация тақырыбына қатысты дерек көздері өте ауқымды, ол әрине топтастырылған. Бірақ болашақта осы жұмысты жалғастырғанда оларды жаңаша топтастыру немесе бұған дейін қарастырылған жұмыстардан қарағанда архивтік деректерді басым көрсету қажет. Қазақстанның шеткері аумақтары, әсіресе солтүстік, шығыс облыстарында әлі күнге дейін орыстандыру салдарынан елді-мекен атаулары орыс тілінде қалып қойғандары кездеседі. Осы мәселеге қатысты ой-пікірлер қосу үшін, жұмыстың соңғы сакралды құндылықтарға қатысты тұсын зерттеуді әлі де жалғастырып, ғылыми мақалалар жазу жоспарланса деп санаймын. Аталған ескертпелер жұмыстың негізі мазмұнына ешқандай кедергі келтірмейді.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Айжан Конырованың диссретациялық жұмысынан алынған тұжырымдары мен нәтижелері бойынша талапқа сәйкес 8 мақала жариқ көрген. ҚР БҒМ БҒСБК журналдарында - 6, ал Халықаралық ғылыми конференциялар жинақтарында - 2 мақаласы жарияланған. Жарық көрген мақалалар мен баяндамалар тікелей диссертация тақырыбы бойынша берілген.

Сканировано с CamScanner

13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Конырова Айжан Мауленовнаның «6D020300 –Тарих» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «XIX ғасырдың екінші жартысы - XX ғасырдың бірінші жартысындағы ресейлік және кеңестік биліктің қазақ қоғамын орыстандыру саясаты: тарихи-салыстырмалы талдау» деп аталатын диссертациялық жұмысын ҚР Ғылым және жоғары білім саламындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің талаптарына сәйкес орындалған, толық аяқталған жұмыс және «Дәрежелер беру» қағидаларына толық сәйкес келеді дей отырып, (PhD) докторы дәрежесін алуға толығымен лайықты деп білемін.

Ресми рецензенттер пікірлерінде келесі шешімдердің бірін көрсетеді:

1) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру;

2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайлардан басқа);

3) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруден бас тарту

Ресми рецензенттер пікірлерінің көшірмелері докторантқа диссертация қорғауға дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей беріледі.

Ресми рецензент:
М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті
Білім берудегі тарих және география кафедрасының
қауымдастырылған профессоры,
тарих ғылымдарының кандидаты **Джурсунбаев Бахытжан Абсаматович**

ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ ҚЫЗМЕТІ

Сканировано с CamScanner